



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ҚАРАХАН ҚАҒАНАТЫ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Рахимжанов Қалжан Қайратұлы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Археология және этнология кафедрасының аға
оқытушысы, Астана, Қазақстан

Kalzhan_88@mail.ru

Айтбаев Асқар Байзақұлы

askaraitbayev@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Археология және этнология мамандығының докторанты,
Астана, Қазақстан

Қарахан қағанаты Х ғ. екінші жартысында құрылып XII ғ. басына дейін өмір сүрген, территориясы қазіргі Оңтүстік Қазақстан және Орта Азияның Амудария өзеніне дейінгі аумақты алып жатыр. Қарахан қағанатының құрылуы қазіргі таңдағы түркі тілдес халықтардың тарихында ерекше орынға ие. Бүгінде өзбек, қазақ, қырғыз және т.б. түркі тілдес халықтардың мемлекет болып қалыптасуында қарахан қағанатының құрамына кірген тайпалар бірлестігінің рөлі орасан зор.

Қарахан қағанатының тарихын зерттеу XIX ғ. екінші жартысынан басталды. Зерттеу барысында ғалымдар қарахандардың шығу тегі, хан мұрагерлерінің тізімі, әлеуметтік және экономикалық өмірі, таптық құрылымы, мемлекеттік лауазымдары және қағанаттың саяси өмірі жайлы сұрақтарға жауап беруге тырысты.[1]

С.М.Сыздықов «Қарлық-Қарахан мемлекеті» атты еңбегінде Қарахан қағанатына мынадай сипаттама береді: *«Қарлық-Қарахан мемлекеттеріндегі қала мәдениеті, отырықшы жер өңдеу мен көшпелі мал шаруашылығының өзара ықпалдастықта болуы сол кезеңдегі Орталық Азиядағы бірден-бір дамыған мемлекеттің қалыптасуына әкелді. Бұл даму үрдісі жекелеген хандықтардың бөлініп шығуына және кейін қазақ, қарғыз, өзбек, тәжік, түркмен халықтарының қалыптасуына тікелей ықпал етті»*. [2.1 б]

Негізінен, Қарахан қағанатының тарихын зерттеу үш кезеңнен тұрды.

Бірінші кезең. Қарахандықтар тарихының зерттелуінің басталуы XIX ғ. екінші жартысынан бастау алып XX ғ. басын да аяқталады. Осы кезеңде Қарахан қағанатының тарихы бойынша ғылыми зерттеу жүргізген ғалымдар: Х.М.Френ, А.К.Казем-Бек, П.С.Савельев, В.Г. Тизенгаузен, В.В.Григорьев, Г.В.Вамбери, Б.А.Дорн, В.В.Радлов, Г.Г.Ховарс, С.Лэн-Пуль, Ф.Г.Скрайн мен Е.Д.Росса.

Ресейде шығыс тиындарының классификациясының негізін салушы Х.М.Френ басқа да нумизматикалық жәдігерлерді салыстыра отырып, Ресей тарихындағы алғашқы болып XI ғ. екінші жартысында соғылған қараханидтік тиындарды жарыққа шығарды.

Шығыстанушы және нумизмат Б.А.Дорн қарахан қағанатының қағандарының әртүрлі тиындарын жинап жарыққа шығарды. Осы жарияланған тиындар қарахан династиясының бүкіл кезеңін қамтыған.[3.7 б]

Ұйғырлар тарихы туралы жазған А.К.Казем-Бек Қарахан қағанатының хандарын шығыс зерттеушілерінің еңбектерімен салыстырады. Ол қарахан хандары мен ұйғырлардың жеке хандарын теңестіреді, бірақ та қазіргі таңда бұл көзқарас дұрыс деп танылмайды. Себебі, оның ойынша қарахандар династиясы ұйғырлар тобынан шыққан.[1.1]

Г.В.Вамбери «Бұхара тарихы» атты ғылыми зерттеу кітабының 1-ші томында қарахандықтардың Бұхара қаласын жаулап алуы, Газневит мемлекеті және Селджұқтармен өзара қарым-қатынасы жайлы қысқаша мәлімет берген. Вамбери Қарахан мемлекетінің тарихын зерттеуде орта ғасырда өмір сүрген Наршахи, Бейхаки, Джувеини, Мирхонд және т.б. авторлардың еңбектерін қолданды. Вамберидің көптеген дұрыс тұжырымдарымен қоса қате көзқарастары да кездесіп отырған. Мысалы, ұйғырларды Вамбери, Саманид

мемлекетінің кезеңін де сол хандықтың шығыс шекарасын мекен еткені жайлы немесе ең бірінші ислам дінін қабылдаған Бұғра-хан қағанатты Мауернахрды жаулап алған Илек ханнан кейін билік құрғаны оның қате тұжырымдарына жатады.[4.5 б.]

Танымал ғалымдардың бірі В.В. Радлов ең алғашқылардың бірі болып Ж.Баласағұнның «Құтабғу білік» атты еңбегін аударып жарыққа шығарды. Осы еңбегінің кіріспесінде В. Радлов Қарахан мемлекетінің хандарын ұйғыр патшаларынан шыққандығын тұжырымдайды. Автор қараханидтер тарихын зерттеуде ибн ал-Асир, ибн Халдун, Мумендбиш-баши және т.б. ортағасырлық авторлардың еңбектерімен қоса әртүрлі қолданыста болған тиындарды қолданды.[1.2 б.]

Ф.Г.Скрайн және Е.Д.Росстар 1899 жылы «The heart of Asia. History of Russian Turkestan and the Central Asian Khanates from the earliest Times» атты ғылыми жазған кітаптың XVI тарауында Қарахан династиясының билік құруы, ислам дінін қабылдауы және т.б. оқиғалар баяндалады. Бұл ғалымдардың зерттеулерінде Бартольдтің айтуы бойынша үлкен қателіктерге жол берілген, әсіресе қарахан хандарының генеалогиясы мен олардың билік құру кезеңін айтуға болады.

Қарахан қағанатының тарихын зерттеудің бірінші кезеңінде негізінен көптеген мәселелер жауапсыз қалды. Соның ішінде хандардың лақап аттары, мемлекет ішіндегі лауазымдар, патшалардың шығу тегі және мемлекеттің саяси тарихы. Зерттеу барысында ортағасырлық авторлардың еңбектері аударылып, көптеген нумизматикалық артефактілер жарыққа шықты. Осы кезеңнің зерттеулері Қарахан мемлекетінің тарихына одан да тереңірек үңілу керек екендігін көрсетті.

Қарахан қағанаты тарихының зерттелуінің екінші кезеңі XX ғ-дың бірінші жартысына тура келеді. Бұл кезең негізінен атақты шығыстанушы В.В.Бартольд есімімен байланысты. Бартольдтың зерттеулерінің арқасында Қарахан қағанаты тарихындағы көптеген сұрақтарға жауап берілді. В.В.Бартольд түрік, парсы, араб және т.б. еуропа тілдерін жетік білуі Қарахан қағанаты тарихын толық зерттеуге мүмкіндік берді. Өзінің ең бірінші жазған еңбегінде «О христианстве в Туркестане в домонгольский период (по поводу семиреченских надписей)»[6] В.В.Бартольд қарахандықтар тарапынан ислам дінінің қабылдануы және сол діннің кидандардың буддизм дінімен қарым-қатынасына тоқталды. Бұдан бөлек Қарахан мемлекеті тарихындағы жеке саяси кезеңдерге тоқталып өтті. Осы еңбегінде В.В.Бартольд мына ортағасырлық авторлардың еңбектерін қолданды: Бейхаки, Гардизи, аль-Утби, Джувейни, Рашидад-дин, Рубрук, Абул-Фид, Джузджани.

В.В.Бартольд «Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью. 1893-1894 гг.»[7] деген еңбегінде IX-X ғғ. Орталық Азия мен Оңтүстік Қазақстан аумағында өркендеген қалалар мен сауда жолдарын сипаттаған. Бұл зерттеуде автор ортағасырлық жазушылардың еңбектерімен бірге археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерін қолданды. Сондықтан Бартольдтың бұл еңбегі сол дәуірдегі Қарахан мемлекетінің шығыс бөлігіндегі қалалар мен жолдарды анықтауда таптырмас құнды дерек болып табылады.

Сонымен бірге Қарахан қағанаты жайлы В.В.Бартольдтың мынадай еңбектерін атап өтуге болады: «Очерк истории Семиречья», «История Туркестана», «История культурной жизни Туркестана», «Народное движение в Самарканде в 1365 г.», «К вопросу об языках согдийском и тохарском», «Али-тегин», «Арслан-хан», «Богра-хан», «Бури-тегин», «Илек-хан», «Баласагун», «Кашгар», «Тараз», «Фергана», «История турецко-монгольских народов» және т.б. В.В.Бартольд өзінен бұрын өткен ғалымдарға қарағанда Қараханидтер мен кидандар тарихын зерттеуде үлкен жетістіктерге жетті.

Қарахан қағанаты тарихын зерттеудің екінші кезеңіне И.Маркварта, Е.Цамбаур, Р.Р.Фасмер, А.Ю.Якубовский, М.Е.Массон және т.б. зерттеушілерді жатқызамыз.[1] А.Ю.Якубовский «Орта Азияның феодалдық кезеңі» атты еңбегінде бірінші болып Қарахан қағанатының әлеуметтік-экономикалық құрылымын кең түрде сипаттайды. Автор көшпелілердің Мауернахрға қарай көшуінің экономикалық себептерін де көрсетіп өтеді. Ол

мына маңызды сұрақтарға жауап іздейді: көшпелілердің отырықшылануы, дихандарды қарахандықтардың таратуы, ихта мен ихтидарлар, X-XII ғғ. Орта Азия мен Шығыс Еуропаның сауда жолдары. Якубовский 1152 жылы құрылған Үзкенттегі солтүстік қараханидтік мавзолейдің жазуын аударып жарыққа шығарды. Бұл ғалымның қарахандықтар тарихына жүргізген барлық зерттеу жұмыстарын 1955 жылы жарияланды. [8]

Атақты археолог М.Е. Массонның еңбектері Қарахан қағанатының тарихын толықтырумен бірге бірнеше сұрақтарға жауап беруге көмектеседі, әсіресе мемлекеттің батыс бөлігін анықтауда. 1935 жылы Массон жазба деректерге және археологиялық зерттеулерге қарап Орталық Азияда X-XI ғғ. тау-кен өндірісі өте қарқынды дамығандығын жазып кетті.[9]

XX ғ. бірінші жартысының ғалымдары Қарахан қағанаты тарихын зерттеуде жазба деректерді, археологиялық зерттеулер мен нумизматикалық деректерді қолданды. Нәтижесінде қарахандықтардың саяси, әлеуметтік және экономикалық өмірі анықталды. Қарахан қағанаты тарихын зерттеудің үшінші кезеңі. Бұл кезеңде қарахандықтардың тарихына байланысты көптеген сұрақтарға жауаптар жарияланды. Үшінші кезеңнің зерттеушілеріне А.М.Бернштам, А.А.Валитов, О.Прицак, Е.А.Давидович, Е.А.Агеева, Г.И.Пацевич, К.М.Байпаков, Т.Н.Сениговой, Г.А.Брикина, Н.Н.Негматов, М.А.Бубнова, Л.Р.Қысласов және т.б. ғалымдар атап айтуға болады.

А.Н.Бернштам Орталық Азия мен Қырғызстан тарихын зерттеуде көптеген жұмыстар атқарды. Оның басқаруымен – Жетісулық, Тянь-Шаньдық, Тяньшан-Алтайлық, Памиро-Ферғандық археологиялық экспедициялар Қырғызстан және Оңтүстік Қазақстан аумағында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Осы зерттеулердің негізінде А. Бернштам көптеген еңбектер жазып қалдырды. Ғалымның 1941 жылы жарық көрген екі монографиясында X-XII ғғ. Талас және қырғыз даласындағы қала, елді-мекендер мен ескерткіштерге сипаттама берілген.[10]

А.Н.Бернштамның бір монографиясы қырғыз даласының сәулеткерлік ескерткіштеріне арналған. Оның бастапқы үш бөлімінде Қарахан дәуірінің архитектурасы баяндалды. Автор қырғыз даласының архитектурасын зерттеуде басқа да ғалымдардың еңбектерін жинақтаумен бірге өзі де жаңа деректерді енгізді. Қарахандардың тарихын зерттеуде А. Бернштамның еңбектері көп. Оның жүргізген археологиялық экспедициялары көптеген материалдар жинақтауға, оларды редакциялауға көмектесті. Әсіресе қырғыз даласының IX-XI ғғ. дамыған қала, қорған, елді-мекендер мен сауда жолдары анықталды.[11]

Е.А.Давидович Орталық Азиядағы тиындарды зерттеумен шұғылданады. Оның еңбектері қарахан хандарының тиындарын зерттеу мен сипаттама беруге арналған. 1949 жылы Линабад және оның маңындағы елді-мекендерден қарахандық тиындар табылды. Сол тиындарды зерттеу барысында Давидович ортағасырлық авторлардың жазба деректерімен таныса отырып XII ғ. Үзкентті билеген үш қарахандық хандарды анықтады. Осы еңбегінде автор XII ғ. өмір сүрген самарқандық және үзкенттік билеушілердің туыстығын анықтап, олардың генеалогиялық кестесін жасап шығарды. 1949-1950 жж. Ферғана даласында қарахандық хандарға тиесілі бірнеше мысты тиындар табылды. Сол тиындарды зерттей келе Давидович олардың XII ғ. айналымда болғандығын дәлелдеді. Е.А.Давидовичтың екі еңбегі батыс қағанаттың билеушілерінің генеалогиясы мен хронологиясына арналған. Осы еңбектерінде Давидович көптеп табылған нумизматикалық мәліметтерге сүйене отырып қарахан хандарының саяси тарихымен қоса олардың генеалогиялық және хронологиялық кестесін түзіп шықты.[12]

Е.А.Давидовичтың «Из области денежного обращения в Средней Азии XI-XII вв» атты еңбегінде XI-XII ғғ. Қарахан қағанатында болған «Күміс дағдарыс»(серебряный кризис) туралы баяндалған. Бұл кезең «серебряный кризис» деп аталуының себебі Қарахан қағанатының ақша айналымында күміс тиындардың орнына көптеген басқа да металл тиындардың қолданылуы. Осы тоқырауды Давидович сол дәуірдегі қалалардың, тауар

өндірісінің және ақшалай сауданың үлкен қарқынмен дамуында деп тұжырымдайды. Бұл тұжырым басқа ғалымдардың пікірлеріне қарағанда ең дұрыс тұжырым болып табылады. [13]

Қарахан қағанатының тарихын, хандардың генеалогиясы мен хронологиясын, сол дәуірге тән нумизматикалық және жазба ескерткіштердің зерттелуінде Е.А.Давидовичтың сіңірген зерттеу жұмыстарынан қарауға мүмкіндік береді. Автор негізінен көп назарды мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық дамуына назар аударды. Осының негізінде ол алғашқылардың бірі болып Қарахан мемлекетіндегі ақша айналымын қарастырды. Е.Давидовичтың көптеген еңбектерінен байқағанымыз ол тарихи дерек ретінде тиындарды және ортағасырлық жазушылардың еңбектерін пайдаланды.

Қарахан қағанаты тарихын зерттеудің үшінші кезеңінде алдыңғы кезеңдерде шешімін таппаған сұрақтарға жауап берілді. Бұл кезеңде үлкен көлемде археологиялық деректер, нумизматикалық мәліметтер және жазба деректер қолданылды. Осының негізінде Қарахан мемлекетінің таптық құрылымы, саяси тарихы, шығу тегі, саудасы, ақша айналымы, билеушілердің генеалогиясы мен хронологиясы, олардың лауазымы мен лақап аттары белгілі болды.

Қарахан қағанаты Орта Азия тарихында маңызды рөл ойнаған мемлекеттердің бірі. Бұл мемлекетті зерттеу көптеген жылдар бойы маңызын жоғалтпай келеді. Әлі күнге дейін Қарахан қағанатының тарихы толық қанды зерттелді деп айтуымыз қиын. Әлі де болса жауапсыз қалған сұрақтар қанша ма. Бірақта осы ғалымдардың зерттеулерінің негізінде біз бүгінгі күні Қарахан мемлекетінің тарихы қаншалықты тереңде жатқанын аңғарамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Караев О. История караханидского каганата. – Фрунзе: Наука, 1983, 250 с.
2. Сыздықов С.М., Қарлық-Қарахан мемлекет: саяси тарихы және мәдени мұралары - Астана: Фолиант, 2014, 315 б.
3. Кочнев Б. Д., Нумизматическая история Караханидского каганата (991—1209 гг.). –М.: София, 2006, 190 с.
4. Калинин В.А. Кто был Илеком в 425 г.х. // XII ВНК: Тезисы докладов. Москва. 2004. С.151-153.
5. Кочнев Б.Д. К идентификации некоторых раннекараханидских титулов и лакабов.- Ашхабад, 1978, 250 с.
6. Бартольд В.В. Соч., Т.2, Ч. 2, М.: Платон, 1964, 360 с.
7. Бартольд В.В. Соч., Т. 2, М.: Платон, 1966, 390 с.
8. Якубовский А.Ю. Феодальное общество Средней Азии и его торговля с Восточной Европой в X-XV вв. – В кн.: Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР, Ч.1. Л., 1933. Две надписи на северном мавзолее 1152 г. в Узгенде. – М., Л., 1947, 280 с.
9. Массон М.Е. Кладки караханидских медных дирхемов половины XII в. Из Термеза. – КСИИМК, Вып.80, М.: Наука, 1960, 250 с.
10. Бернштам А.Н. Памятники старины Таласской долины. Историко-археологический очерк. – А.: Наука, 1941, 250 с.
11. Бернштам А.Н. Архитектурные памятники Киргизии. - М.: Наука, 1950, 260 с.
12. Давидович Е.А. Нумизматическая коллекция Ленинабадского областного историко-краеведческого музея. - Сталинабад, 1952, 230 с.
13. Давидович Е.А. Город, ремесло и денежное обращение в Средней Азии периода так называемого «серебрянного кризиса» (XI-XIII вв.).- в кн.: Материалы второго совещание археологов и этнографов Средней Азии.- М.: Наука, 1959, 250 с.